

**«Сәтбаев қаласының балалар мен жасөспірімдер кітапханасы»КММ
2026 жылдың I–тоқсанындағы атқарылған жұмыстарының ақпарат есебі.**

«Сәтбаев қаласының балалар мен жасөспірімдер кітапханасы» КММ-сі 2006 жылы 16 ақпан Сәтбаев қаласы әкімдігінің № 4-81/2 қаулысымен құрылды.

Кадр құрамы: Ағымдағы жылы кадр ісі инспекторы 1-штат алынды.2026 жылдың 01 сәуірінде «Сәтбаев қаласының балалар мен жасөспірімдер кітапханасы» КММ - де барлығы 19 адам жұмыс істейді. Оның ішінде: әкімшілік басқару персоналы – 3 адам, кітапханашылар және қосалқы қызметшілер – 11 адам, кіші қызметкерлер – 5 адам.

Негізгі көрсеткіштер:

№	Көрсеткіштер	2025 ж	2026 ж 1 тоқсан жоспар	орындалуы	
				барлығы	мемл тілде
1.	Жалпы кітап қоры	14685	14897	14897	8123
2.	Оқырмандар саны	1060	825	844	
3.	Берілген құжаттар саны	20674	19200	19200	
4.	Келушілер саны	9520	3005	3000	
5.	Кітапханада өткен көпшілік іс-шара саны	35 2125	30 2080	30 2080	

1-тоқсанда келіп түскен кітаптар:

№	Кітаптар	облыстық әмбибап кітапханасы	сыйға берілген кітап	мемл.бюджет
1.	Барлығы	30	1	0

2026 жылға кітап алуға – 559 мың теңге, бұқаралық газеттерге жазылуға – 343мың теңге бөлінді.

КІТАПХАНАНЫҢ ҚАРЖЫЛАНУЫ 2025-2026жж

№	Мекеменің атауы	2025 ж мың теңге	2026 жыл мың теңге
1	«Сәтбаев қаласының балалар мен жасөспірімдер кітапханасы» КММ	63611	79796
	БАРЛЫҒЫ	63611	79796

Бақылау көрсеткіштері (Әлеуметтік желі бойынша статистика)

Әлеуметтік Желілер атауы	Жазылушылар саны	Жариялым саны	Қаралым саны
	барлығы	барлығы	барлығы
Facebook	8210	73	17504
Instagram	6430	73	20301
Tiktok	1723	46	13204
Барлығы	16363	192	51009

Бақылау көрсеткіштері (Сайт бойынша статистика)

Сайтқа келушілер саны	Сайтқа келім саны	Қаралым саны
барлығы	барлығы	барлығы
1482	1154	2153

Мекемелердің материалдық базасын нығайту

Мекеме атауы	2025 жыл		2026 жыл 1-тоқсан	
	сумма	Алынған заттар	сумма	Алынған заттар
Сәтбаев қаласының балалар мен жасөспірімдер кітапханасы	1000	Ноутбук 2 дана – 700,0тг, Түрлі-түсті принтер 3x1-300,0тг	2800,6	20 стеллаж – 1 млн 600 мың теңге, 2 компьютер үстелі – 140 мың тг, 3 трансформер стеллаж – 202 мың 600 теңге, ақпан айында мүгедектерге арналған тактильді жол төселінді. Стандартқа сай мүгедек арбасы сиятын 90 см үш есік ауыстырылып

				<p>салынды. Олар: сыртқы есік, кіреберіс есік және оқу залы есіктері. Сыртқы есік, оқу залы және директор бөлмесіне нұсқаулықтар қойылды. Сонымен қатар дәретханаға демеу темірлері орнатылды. Жұмсалған қаражат 998,0 мың теңге.</p>
--	--	--	--	---

ОҚЫРМАНДАРМЕН КӨПШІЛІК ІСШАРАЛАР 1-ТОҚСАН

Есепті мерзімде: 1- аймақтық, 29 – қалалық ісшара өткізіліп, оған 2080 балалар мен жасөспірімдер қамтылды.

03.01.26ж. «Жаңа жылға ақ тілек Сәтбаев қаласының балалар мен жасөспірімдер кітапханасының директоры жас оқырмандарды келе жатқан Жаңа жылмен құттықтады. Құттықтау барысында кітапхана директоры жас оқырмандар мен ата-аналарға, кітапсүйер қауымға жылы лебізін білдіріп, өткен жылдағы бірлескен табысты жұмыстарға тоқталды. Өз тілегінде Гүлбану Шахманова жаңа жыл жаңа мүмкіндіктерге, жарқын жетістіктерге және пайдалы бастамаларға толы болсын деген тілегін жеткізді.



04.01.26ж. «**Қысқы ертегі**». Сәтбаев қаласының балалар мен жасөспірімдер кітапханасының әлеуметтік желілеріндегі парақшаларына ертегі кітаптарының таныстырылымы жарияланды.

Әлеуметтік желіде ұсынылған ертегі кітаптары мазмұнының байлығымен, тәрбиелік мәнімен және әсем безендірулерімен ерекшеленді. Бұл бастама – кітапхананың заманауи форматта жұмыс істеп, оқырмандармен онлайн байланысын нығайтуға бағытталған маңызды қадамдардың бірі.



06.01.26ж. «**Қыс кереметі**» атты сөзжұмбақ өткізілді.

Іс-шараға қысқы демалыстағы балалар қатысты. Шара барысында кітапханашы қыс тақырыбына байланысты сөзжұмбақтар мен танымдық сұрақтар дайындап, қатысушыларға ұсынды. Балалар сұрақтарға белсенді жауап беріп, өз білімдері мен тапқырылықтарын көрсетті. Сондай – ақ балалардың кітап оқуға деген қызығушылықтары артты. Шара соңында балаларға сыйлықтар таратылды.



08.01.26ж. «Балақай, оқы, қызық!» атты мерзімді басылымдармен таныстыру шарасы өтті.

Кітапханада өткен танымдық кездесуге №7 мектептің 2 «Б» сынып оқушылары қатысты. Кітапхана қызметкері А.Бектас балалар журналы туралы түсінік беріп, журналдардың мазмұнымен таныстырды. Әр журналдың ерекшелігіне тоқталып, жұмбақтар, комикстер, танымдық әңгімелер жарияланған балалар басылымдарының әр бетін парақтады. Журнал беттеріндегі тапсырмаларды орындап, ребус пен крассвордтар шешті. Түрлі боямақтар бояп, логикалық тапсырмалар орындады. Бұл шара балалардың дүниетанымын кеңейтіп ғана қоймай, кітапханаға деген сүйіспеншілігін арттырады.



16.01.26ж.«Кітапханаға саяхат» атты кітапханамен таныстыру шарасы өтті. Бұл іс-шараға Ә.Марғұлан атындағы жалпы білім беретін мектептің 4 «А» сыныбы қонаққа келді. Сынып жетекшілері Ж.Байдильдинамен бірге оқушылар кітапхананың абонемент және оқу бөлімімен танысып, кітапхананың тәртібі мен ережелері туралы естіп білді. Кітапхана қызметкері А.Бектас кітаптардың түрлері, оларды дұрыс пайдалану және сақтау ережелері туралы түсіндіріп өтті. Кітапхана қызметкері оқушыларға кітаптың адам өміріндегі маңызы жайлы әңгімелеп, балаларға арналған әдебиеттерді таныстырды. Кітапхана қонақтары кітапханадағы ерекше кітаптармен де танысты. Өздерінің кітап туралы ой-пікірлерімен өзара бөлісіп, ұнатқан кітаптарын үйде оқуға жаздырып алды.



Өлкетану жұмысы

21.01.26ж. «Сәтбаев қаласының демографиялық жағдайына экологияның әсері» атты пікір алмасу болып өтті.

Айтулы іс-шараға Сәтбаев қаласының индустриалдық колледж студенттері қатысты. Библиограф Ә.Шегебаева студенттерге демография мен экология тақырыбының маңыздылығы туралы айтып, қоршаған ортаның жағдайы адамдардың денсаулығы мен халық санының өсуіне тікелей әсер ететінін түсіндірді. Қатысушылар қала демографиясының әлеуметтік-экономикалық, дамуға әсері жөнінде пікір алмасты, студенттер екі топқа бөлініп, 1-ші топ «Оптимистер» демографиялық жағдай жақсы жаққа өзгеріп жатыр деген пікірлерін айтса, 2-ші топ «Сыншылар» демографиялық мәселелер бар деп сыни пікірлерін ортаға салды. Шара барысында «Сәтбаев қаласында экологиялық жағдайы» атты бейне сюжет көрсетіліп, осы тақырыпқа әзірленген кітаптар топтамасымен библиограф таныстырып өтті. Нәтижесінде студенттер Сәтбаев қаласының демография мен экология жағдайы туралы кеңірек ақпарат алды және Сәтбаев қаласы туралы кітаптармен танысты.



Өнер және көркем әдебиеттерді насихаттау

03.02.26ж. Ақын М. Мақатаевтың 95 жыл толуына орай «Әр өлеңі – бір әлем» атты поэзия сағаты болып өтті.

Шараға жалпы білім беретін №16 метебінің 5 сынып оқушылары қатысты. Кітапханашы А.Бейсова ақының өмір жолымен шығармашылығы туралы мағылмат берді. Оқушылар ақының өлеңдерін жатқа оқып, кітаптармен танысты. Шара соңында қатысушылар өз ой – пікірлерін білдірді.



«Бір ел – бір кітап республикалық акция»

06.02.26ж. «Бір ел – бір кітап» аясында Қ. Жұмаділовтың «Тағдыр» кітабы бойынша «Ұлт рухы – Тағдыр беттерінде» атты әдеби сағат болып өтті.

№7 жалпы білім беретін мектептің кітапханасында 10 «А» сынып оқушыларының қатысуымен «Ұлт рухы – Тағдыр беттерінде» атты әдеби сағат өтті. Шара аясында көрнекті қаламгер Қабдеш Жұмаділовтің қысқаша өмірбаяны таныстырылып, оның «Тағдыр» кітабы туралы айтылды. Жазушы өз шығармаларында қазақ халқының тағдырын терең суреттеп, тарих, көші-қон, тарихи бетбұрыстар мен ұлттық болмыс мәселелерін кеңінен қамтиды. Оның шығармашылығы қазақ әдебиетінде айрықша орын алады. Жоғары сынып оқушылары тарихи жады мен ұлттық рухты жаңғыртатын бұл шығарманың қысқаша мазмұны туралы біліп, биылғы жылы ұлт болып оқуға таңдалған «Тағдыр» романы мазмұнымен ерекше екеніне тоқталды.



Ел тарихын насихаттау

13.02.26ж. Кеңес әскерілерінің Ауған жерінен шығарылған күніне орай «**Ауған соғысының жаңғырығы**» атты тарихи сағат ұйымдастырылды.

Іс- шараға ауған соғыс ардагерлері, интернационалист – жауынгерлер А. Шахтаев, Е.Жанкельдиев және Д.Наурызбаев, сондай –ақ Қазақмыс корпорациясының Техалогиялық колледжінің студенттері қатысты. Кездесу барысында ардагерлерстуденттерге соғыс жылдарындағы естеліктерімен бөлісіп, Отан алдындағы борыш, ерлік пен елге қызмет етудің маңыздылығы туралы әңгімеледі. Студенттер көкейлеріндегі сұрақтарын қойып, ардагерлерге құрмет көрсетті. Тағылымды басқосу жас ұрпақтың ел тарихына деген қызығушылығын арттырып, отан сүйгіштік рухын нығайтуға бағытталды.



18.02.26ж. Т.Әубәкіров 80жыл, Т. Мұсабаев «Қазақтың ғарышкерлері» атты тарихи сағат болып өтті.

Іс –шара барысында оқушылар ғарышкерлердің өмір жолымен ел үшін атқарған еңбектері туралы мәлімет алып, өлең оқып, сұрақ – жауапқа қатысты. Кездесу жас ұрпақтың ғылым мен ғарышқа деген қызығушылығын арттыру бағытталды.



Ірі ішаралар

09.01.26ж. «Қыс ғажайыптары» атты суреттер байқауы ұйымдастырылды.

Аталған шараға Б.Момышұлы атындағы мектептің 4 «А» сыныбының оқушылары қатысты. Шара 5 бөлімнен құрылды: «Қыс келбеті» атты әңгімелесу, жұмбақтар сайысы, қимылды ойындар, викториналық сұрақтар, суреттер байқауының қорытындысы және марапаттау.

Іс-шара барысында кітапханашы Аимбетова Б. балалармен түрлі бағытта жұмыс жүргізді. Оқушылар жұмбақ шешіп, қимылды ойындарға қатысып, викториналық сұрақтарға жауап берді. Балалар белсенділік танытып, шара қызықты әрі көңілді өтті.



29.01.26ж. «Мен бәрінен де көп оқимын» атты эссе байқауы өтті.

Кітапханамыздың ұйымдастыруымен өткен «Мен бәрінен де көп оқимын» атты эссе байқауының марапатау рәсімі өтті. Байқауға 30-дан аса оқушы қатысып, өздерінің оқуға деген сүйіспеншілігі мен шығармашылық қабілетін танытты. Қатысушылардың жұмыстарын 28 қаңтарға дейін қабылданып, арнайы құрылған әділ қазылар алқасы тарапынан жан-жақты бағаланды. Нәтижесінде байқау қортындысы шығарылып, үздіктер марапатталды. Жүлдегерлер алғыс хаттар мен арнайы дипломдарға, естелік сыйлықтарға ие болды. Бұл байқау – адам өміріндегі кітаптың маңызын ұғындырып, жас оқырмандарды рухани дамуға жетелейтін маңызды іс-шаралардың бірі болды.



24.02.26ж. Кітапханамызда қазақтың ұлы жырауы Жамбыл Жабаевтың 180 жылдық мерейтойына орай «**Жыр дүлдүлі –Жамбыл**» атты қалалық өлең жаттау байқауын ұйымдастырылды.

Тағылымы мол, рухани кешке қала мектептерінен 23 оқушы қатысып, бақ сынады. Байқау барысында қатысушылар ақынның терең мағыналы, елдік пен ерлікті, адамгершілік пен отансүйгіштік жырлаған өлеңдерін жатқа мәнерлеп орындады. Әділқазылар алқасы қатысушылардың өнерін әділ бағалап, орындау шеберлігін, сахна мәдениетін және шығарманы жеткізу мәнеріне ерекше назар аударды. Нәтежесінде үздік деп танылған оқушылар жүлделі орындармен марапатталып,арнайы номициялар мен алғыс хаттарға ие болды.



20.03.26ж. Ұлыстың ұлы күні наурыз мейрамына арналған «**Ұлттық тағамдар**» атты аймақтық көрме байқауы өтті.

Сәтбаев қаласының балалар мен жасөспірімдер кітапханасында «Наурызнаманың» он күндігі аясында аймақтық «Ұлттық тағамдар» көрме-байқауы өтті. Ұлттық құндылықтарды дәріптеуді мақсат еткен тағылымды шарада қазақтың ұмыт бола бастаған тағамдары кеңінен таныстырылды. Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Ұлытау, Жанаарқа аудандарынан келген кітапханашылар мен оқырмандар өздері әзірлеген тағамдардың шығу тарихы мен дайындалу тәсілімен таныстырды. Іс-шараның ашылу салтанатында сөз алған кітапхана директоры Гүлбану Шахманова мұндай игі бастамалардың ұрпақ тәрбиесіндегі маңызын атап өтті. Байқауға Қазақстанның Құрметті кітапханашысы, Ұлытау облыстық әмбебап кітапханасының бөлім басшысы Ғалия Ғазизова, Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы, ұлағатты ұстаз Ағайша Садуақасова, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Майра Жаппасбаева, ардагерлер ұйымының төрайымы Каниса Телгозина әділқазылық етті.

Тағам мәдениеті ұлықталып, аспаздар шеберлігі жан-жақты бағаланған байқау қорытындысында бас жүлдені Жанаарқа ауданының Байдалы би ауылдық үлгілі

кітапханасы жеңіп алды. Бірінші орынды Жезқазған қаласының Теректі кітапханасы иеленсе, екінші орын Сәтбаев қаласының Б.Бұлқышев атындағы орталықтандырылған кітапхана жүйесі мен балалар және жасөспірімдер кітапханасына берілді. Ал, үшінші орынды Ұлытау аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесі мен Борсеңгір ауылдық кітапханасы өзара бөлісті.

Жеңімпаздарға арнайы дипломдар мен Алғыс хаттар және қаржылай марапаттар табысталды.



4.10. мемлекеттік бағдарламалар, мерейтойлар, күндер, іс- шаралар

27.02.26ж. **1-наурыз** – **Алғыс айту күні** мерекесіне орай Абай атындағы №4 мектеп-лицейінде 7 «Д» сынып оқушыларымен «Ізгіліктің бір ізі - Алғыс» атты пікір алмасу іс-шарасы өткізілді.

Іс-шараның мақсаты: Оқушыларды ризашылық білдіруге, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге, адамгершілік пен сыйластық құндылықтарын дәріптеуге тәрбиелеу.

Шара барысында «Алғыс айту парызым» атты кітап көрме ұйымдастырылып, оқушыларға таныстырылды. Көрмеге алғыс, мейірімділік, ізгілік, достық тақырыбындағы

әдебиеттер қойылды. Кітапханашы Б. Аимбетова мерекенің шығу тарихы мен маңызы туралы кеңінен ақпарат беріп, алғыс айтудың адам өміріндегі орнына тоқталды.

Пікір алмасу кезінде оқушылар өз ойларын ортаға салып, ұстаздарына, ата-аналарына, достарына, туған жерге, табиғатқа, күн мен суға, деген шынайы алғыстарын білдірді. Өз ризашылықтарын өлең жолдары, жылы лебіздер арқылы жеткізді. Аталған іс-шара оқушылардың рухани адамгершілік құндылықтарын нығайтуға, алғыс айту мәдениетін қалыптастыруға ықпал етті.



06.03.26ж. 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай «Ана деп ән салам» атты мерекелік сағат болып өтті.

«Сәтбаев қаласының балалар мен жасөспірімдер кітапханасының директоры Гүлбану Телірболатқызы 8 наурыз – Әйелдер күні қарсаңында өткен мерекелік іс-шара барысында кітап оқуға деген қызығушылық танытып жүрген жас оқырмандарға және олардың тәрбиесіне көңіл бөліп жүрген ата –аналарына ризашылық білдіріп, жылы лебізін жеткізді.

Сондай – ақ кітапхананың белсенді оқырмандарына және олардың ата- аналарына алғыс білдіріп, арнайы силықтар мен гүл шоқтарын табысталды.



14.03.26ж. 14 Наурыз – көрісу күніне орай «**Наурыздың жаршысы – көрісу күні**» атты бейнетаспа жасалынды.

Бұл күн – қазақ халқының ежелден келе жатқан дәстүрлі мерелерінің бірі. Әсіресе Батыс Қазақстанөңірінде кеңінен тойланады. Бұл күні адамдар бір – бірімен кездесіп, қол алысып, құшақтасып, «Жасың құтты болсын! Бір жасын жасынмен!» деп амандасады.

Бұл күн Наурыз мерекесінің бастауын білдіреді және адамдар бір – бірінеақ – тілектері айтып, үй – үйді аралап көріседі.

15.03.26ж. Қайрымдылық күніне орай «**Қайрымдылық – адамның асыл қасиеті**» атты бейнетаспа жасалды.

Қайрымдылық – жүректен шыққан мейірім мен жақсылықтың белгісі. Бір – бірімізге қолдау көрсетіп, қамқорлық таныту – қоғамды мейірімді әрі жылы етеді. Жақсылық жасау – мерімділіктің белгісі.

16.03.26ж. Ұлттық спорт күніне орай «**Ұлттық спорт**» атты қазақтың ұлттық ойындарымен таныстыру болып өтті.

Ұлттық спорт күніне орай кітапхана қызметкерлері №7 жалпы білім беретін мектебінің 6 сынып оқушыларының қатысуымен танымдылық іс –шара ұйымдастырылды. Шара барысында оқушылар қазақтың ұлттық ойындары туралы мағұлмат алып, олардың мәні мен ерекшеліктерімен танысты. Сонымен қатар, балалар ұлттық ойындарды ойнап, белсенді қатысып, қызықтыәрі көтеріңкі көңіл – күйде өткізді.



17.03.26ж. Наурызнаманың төртінші күні 17- наурыз Шаңырақ күніне арналған «**Шаңырақ –Үй мен Ұлттың жүрегі**» атты танымдылық ойын №7-ші жалпы білім беретін мектепте 6 сынып оқушыларымен болып өтті.

Іс-шара барысында кітапханашы оқушыларға шаңырақ туралы мағлұмат беріп, оның қазақ халқы үшін қасиетті ұғым екенін, үйдің, отбасының және бірліктің белгісі екенін түсіндірді. Одан кейін оқушыларға түрлі танымдық және ұлттық ойындар ұйымдастырылды. Атап айтқанда: арқан тартыс, білектің күші, ақсерек-көксерек т.б. Бұл

ойындар оқушылардың белсенділігін арттырып, ұйымшылдыққа, ептілікке баулиды. Сонымен қатар: Наурыз мерекесіне байланысты викториналық сұрақтар қойылып, оқушылар өз білімдерін көрсетті. Олар сұрақтарға белсенді қатысып, дәстүрлер туралы ойларын ортаға салды.



18.03.26ж. №9 ЖББ мектебінде Ұлттық киім күніне орай «Ұлттық киім – ұрпаққа мұра» атты этнографиялық сағат болып өтті. Оған 6 сынып оқушылары қатысып, қазақтың ұлттық киімдері туралы мағылмат алды. Кітапханашы А.Бейсова ұлттық киімдердің ерекшелігі, олардың ою – өрнектері мен тарихи маңызы туралы айтып өтті.

Шара барысында оқушылар ұлттық мұраның маңызын түсініп, дәстүрлі киімдерді насихаттаудың маңыздылығына назар аударды.



V. Құжаттарды цифрлау бойынша жұмыс.

Өлкетану бойынша сақтау қорын құру

Өлкетану бағытында, өлке құжаттарын цифрлы форматқа көшіру жұмысы өз жалғасын тапты. Құжаттарды «Fine reader» бағдарламасы арқылы сканерлеп, мақаланы танып, «РАБИС» электронды каталогқа цифрланған құжаттарды байлап, дер кезінде кітапхана пайдаланушыларына (эл.пошталарына, құжатты принтерден шығару арқылы) жеткізіліп отырылуда.

Кітапхана атауы	Жылдық жоспар		Бет саны (жоспар)		Т о қ с а н б о й ы н ш а			
	2026 ж	оның ішінде	2026 ж	оның ішінде	I тоқсан		I тоқсан орындалысы	
					жоспар	бет саны (жоспар)	орындалысы	бет саны (жоспар)

2026 жылдағы I тоқсанда цифрланған бойынша мәліметтер

		қаз.		қаз.		қаз.		қаз.		қаз.		қаз.
Газет мақалалары:	15	10	30	20	3	2	8	5	3	3	3	3
Журнал мақаласы:	4	3	10	10	1	0	3	0	-	-	-	-
Кітап	1	1	256	256	0	0	0	0	0	0	0	0
Жалпы барлығы:	20	14	296	286	4	2	11	5	3	3	3	3

I. Библиографиялық қызмет

БЖК-ның анықтамалық-библиографиялық аппараты:

Картотеканың аты	Деректер қорына құйылатын карточка БЗ					
	Жоспар 2026 жыл	Оның ішінде қазақша	Жоспар I тоқсан	қазақ ша	I тоқсан орындалыс ы	қазақша
«Мақала», (Статья)	900	600	221	148	221	148
«Өлке» (Краеведение)	100	88	25	22	25	22
«Кітап» (Книги)	270	250	20	-	30	29
«Мерзімді басылым», Периодика	0	0	0	0	0	0
Жалпы саны:	1270	938	266	170	276	199

I тоқсан бойы «РАБИС» электронды каталогқа енгізілген жазба саны:

**б) «Өлке», «Мақала», «Мерзімді басылым» электронды каталогы
«Жаңа Қазақстан-Жанару мен жаңғыру», «Ұлы дала жобасы».**

в) -

**г) Жаңадан ашылған айдарлар, папка-досье жиынтығы: тақырыбы
«Ұлы даланың Ұлытауын ұлықтаған» ақын, аудармашы, журналист, тарихшы.
Қуаныш Ахметовтың туғанына 80 жыл. (1946–2008)**

д) Электрондық тақырыптық папкалар .

«Жергілікті ақын, жазушылар», «Арқадағы ару қала - Сәтбаев» толықтырылуда.

**Өлке құжаттарын цифрлау
Анықтамалық-библиографиялық қызмет көрсету:**

Библиографиялық анықтаманың жиынтық мәліметі:

Анықтамала р- дың түрі	Жоспа р 2026 ж.	Оның ішінде қазақ тілінде	Жоспа р I тоқсан	оның ішінд е қазақ ша	I тоқсан орындал ысы	оның ішінде қазақша	Оның ішінд е вирту алды анықт ама
Тақырыпты қ	55	35	13	9	10	4	1
Мекен-жай	15	11	4	3	2	1	-
Нақтылау	5	3	2	1	2	1	-
Фактографи ялық	2	1	0	0	0	0	-
Жалпы саны :	77	50	19	13	14	6	1

**б) Ең қызықты сұраным тақырыптары? : «Жануарлармен қауыпсіз қарым қатынас»,
«Ең алғашқы оқу құралдары».**

г) Жаңа технологияларды

**Оқырмандарға қызмет көрсетудегі электрондық
қызметтер. Виртуалды анықтама**

«Виртуалды анықтама» орнатылмаған. Кітапхана сайты <http://dub-satpaev.kz>. Тоқсан бойы келіп түскен виртуалды анықтама қызметі тек WhatsApp Messenger және кітапхананың **Instagram** парақшасы арқылы оқырмандар сұраныстарына мүмкіндігінше жауап беріліп, қызметімізді атқарамыз.

Құжаттардың электрондық жеткізілімі

- Анықтамаларды пайдаланушы WebWhatsApp Messenger арқылы жіберді.
- Кітапхананың әлеуметтік инстаграм, фейсбук беттерінде виртуалды анықтаманың жұмысы, кітапханадағы хабарландырулар туралы бірнеше рет жарияланды
- I тоқсанда 1 сұрақ электронды түрде жеткізілді.
- Пайдаланушылардан мынандай қызықты сұрақтар кездесті: Кітапханада. «Жас өнертапқыштар», «Ғылым туралы қазақ зиялылары не дейді ?» туралы мәліметтер сұралды?
«Кітапхана сайтына ДБ құрылмаған

Кітапхана сайтындағы толық мәтінді деректер базасы

- Кітапхана сайтына ДБ құрылмаған

Ақпараттық қызмет

а) Ағымдағы жылда түскен «Жаңа әдебиеттер бюлетені» ұсынылды. Оқырмандар жаңа түскен әдебиеттермен дер кезінде таныстыру, оқу барысында қолдану мақсатында шығарылды.

Қаралымдары саны:1

б) Мүмкіндігі шектеулі балалар үйі мен кездесулер, қайырымдылық іс –шаралар ұйымдастырылады.

в) Еңбек демалысындағы ардагерлер, I-II топтағы мүгедектермен кездесулер, қайырымдылық іс-шаралар ұйымдастырылады.

г) 0

Ақпаратты мәдениетті қалыптастыру.

Түрі	Тақырыбы	саны	Өткізу орны	аудитория
-------------	-----------------	-------------	--------------------	------------------

Кітап көрме	2026 жылы ҚР Президентінің жолдауымен таныстыру	1	Кітапхана	Барлық оқырмандар
Пікір алмасу	«Сәтбаев қаласының демографиялық жағдайына экологияның әсері»	1	Индустриалдық колледж	студенттер

Кітапхананы және кітапханалық іс-шараларды жарнамалау.

БЖК бойынша кітапханашылардың БАҚ бетінде жарияланған мақалалар тізімі:

Баспа қызметі

№ о/н	Атауы. Басылымның толық библиографиялық жазбасы
	Шарайна // Сәтбаев қалалық газетінің редакциясы ЖШС

Библиограф: Шегебаева Ә.С.